

ҚАУІПСІЗДІК – ҚАТАҢ БАҚЫЛАУДА

3-БЕТ | ЕЛОРДА ТЫНЫСЫ



ТІСКЕ КЕТТІ МЕ, БАСҚА ІСКЕ КЕТТІ МЕ?

5-БЕТ | МӘСЕЛЕ



КАЛИМА СОМДАҒАН КЕЙІПКЕРЛЕР

8-БЕТ | МӘДЕНИЕТ

> Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
> ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:
>
> Қазақстан қауіпсіз ел болуы керек. Сондықтан «Заң мен тәртіп» қоғамымыздың басты қағидаты саналатын болды. Осы жұмыстың аясында жемқорлыққа қарсы күресті жалғастырып, күшейтеміз, онсыз Әділетті Қазақстан туралы айтудың өзі қисынсыз. Түптеп келгенде, «Заң мен тәртіп» тұжырымдамасы – еліміздің жарқын болашағын құру үшін аса маңызды тетік.

№5
(4903)
Бейсенбі
15 қаңтар
2026 жыл

ASTANA AQSHAMY

ELORDA AQPARAT

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



БАС ҚАЛА – КӨШ БАСЫНДА

Астана ресми түрде ТМД елдері арасында European Network for Accessible Tourism желісіне қосылған алғашқы қала атанды. Бұл мәртебе Астананың мүгедектігі бар тұрғындар мен қонақтарға арналған инклюзивті орта құруға деген ұмтылысын көрсетті.

Бас қалада шамамен 43 мың адамның мүгедектігі бар: оның 31 мыңы – ересектер, 12 мыңы – балалар. Бұл көрсеткіштер жүйелі өзгерістерге негіз болды. Қала жаңа технологиялар, білім беру және әлеуметтік жауапкершілікті біріктіре отырып, инклюзивтіліктің стандарттарын қалыптастыруда. Қалада еркін қозғалуды қамтамасыз ету – өмір сапасының басты көрсеткіштерінің бірі. 2014 жылдан бері қоғамдық көлік жүргізушілері мүгедектігі бар жолаушыларға қызмет көрсету бойынша арнайы оқудан өтті. Нәтижесінде қоғамдық көліктің 92,6%-ы пандустармен жабдықталған. Қалалық және ұлттық музейлерге аудиогидтер, сенсорлық экрандар, ымдау тіліндегі көрсеткіштер және Брайль шрифтімен экспонаттардың сипаттамалары орнатылды. Музей персоналы арнайы даярлықтан өтті. Елордадағы «Астана Опера» театры да инклюзивтілік стандарттарына сай жобаланған, пандустар, арнайы лифттер, кеңейтілген есік, мүгедектерге арналған аймақтары бар. Сонымен қатар қалада мүгедектігі бар адамдарға арналған арнайы туристік бағдарлар жасалған. Қалада туризм саласында қызмет көрсететін 200 қызметкер инклюзивті стандарттар бойынша оқытылды, жаңа жобалар мүгедектігі бар адамдармен бірлесіп іске асырылуда.



КӘСІПКЕРЛІК – ЕЛОРДА ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ ТІРЕГІ

Бүгінде шағын және орта бизнес елорда экономикасының негізгі тірегіне айналып отыр. Осы салада 540 мыңнан астам астаналық еңбек етеді, яғни қаланың жұмысқа қабілетті халқының 70,3%-ын құрайды. Жалпы бас шаһарда 272 мың шағын және орта бизнес субъектісі жұмыс істейді. Соңғы мәліметтерге сәйкес, Астана әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту бойынша көшбасшы болып келеді. Мұнда 268 әлеуметтік кәсіпкер тіркелген. Бұл – ел бойынша ең жоғары көрсеткіш.

ЖАТАҚХАНА МӘСЕЛЕСІ ШЕШІЛЕДІ

Елордада қала әкімдігі мен Ғылым және жоғары білім министрлігі бірлесіп, студенттер жатақханаларын салуды жалғастыруда. Себебі қалада студенттер саны жыл сайын артып келеді.

Осыған байланысты небәрі 2 жыл бұрын Астанада студенттер жатақханасына деген сұраныс 7,5 мыңнан асып, нақты тапшылық қалыптасқан еді. Осы мәселені шешу үшін сол кезеңде бірқатар маңызды жоба қолға алынды. Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкеннің айтуынша, бүгінде сол бастамалар нәтижесін беріп, соңғы 2 жылда 7 мың орынға шақталған 8 жатақхана пайдалануға берілді. Ал биыл шамамен 2,5 мың орынға арналған жатақханалар салып, бұл мәселені толық жою көзделіп отыр.

АСТАНА – ҚАУІПСІЗ ШАһАР

Астана қаласы алғаш рет әлемнің ең қауіпсіз 100 қаласының рейтингіне енді. Num-beo халықаралық рейтинг агенттігі жариялаған тізімде Астана бір жылда 24 сатыға жоғарылап, 105-орыннан 81-орынға тұрақтады.

Қылмыстың төмендеп, қалалық ортадағы тұрақтылық нәтижесінде Астана қаласының қауіпсіздік индексі жоғарылады. Рейтинг агенттігі тіркелген қылмыс санын ғана есепке алмай, тұрғындардың пікірін ескеріп, полиция қызметкерлерінің жұмысын, көшелерді жарықтандыру, көлік қозғалысы секілді инфрақұрылым ахуалына да мән береді. Халықаралық рейтингтің нәтижесінде 2025 жылы әлемнің ең қауіпсіз қалалары ретінде Әбу-Даби, Доха, Дубай қалалары танылды.



№5 (4903) 15/01/2026 Бейсенбі



НАҚТЫ МІНДЕТТЕР ЖҮКТЕДІ

Мемлекет басшысы Қорғаныс министрі Дәурен Қосановты қабылдады.

Президент – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қорғаныс ведомствосының 2025 жылы атқарған қызметі туралы есепті тыңдады. Мемлекет басшысына армияның жауынгерлік әзірлігі және Қарулы күштерді дамытудың басымдықтары жөнінде мәлімет берілді. Дәурен Қосанов цифрлық технологияларды енгізу, әскери-патриоттық тәрбие жұмыстары, сондай-ақ қорғаныс инфрақұрылымын жетілдіру шаралары туралы баяндады. Сонымен қатар Президенттің Қарулы күштер сапында тәртіп орнату жөніндегі тапсырмасының орындалу барысы жайында ақпарат ұсынылды. Кездесу соңында Жоғарғы Бас қолбасшы министрге армияның жауынгерлік әзірлік деңгейін арттыру, әскери және құқықтық тәртіпті күшейту жөнінде нақты міндеттер жүктеді.

ЭНЕРГИЯ ТАПШЫЛЫҒЫ МӘСЕЛЕСІ ҚАЛАЙ ШЕШІЛЕДІ?

Үкімет басшысы Олжас Бектенов энергия тапшылығы мәселесін шешу үшін жаңа қуаттарды генерациялау мәселелері бойынша жиын өткізді.

Жиында Энергетика министрлігі, «Самұрық-Энерго», KEGOC және энергия өндіруші ұйымдардың Президенттің «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауында қойылған міндеттер шеңберінде жүргізіп жатқан ағымдағы инфрақұрылымды жаңғырту және жаңа қуаттарды генерациялау жөніндегі жұмыстарының қарқыны қаралды.

Энергетика министрлігі ауқымды инвестиция жоспарын жүзеге асырудың практикалық кезеңіне көшуде. Бүгінгі таңда жалпы инвестиция көлемі 13 трлн теңгеден асатын және жалпы қуаты 15,3 ГВт болатын 81 жоба бойынша жұмыстар жүргізілуде. Іске қосылып жатқан жобалардың едәуір бөлігі электр қуаты нарығының тетігі арқылы жеке инвестицияларды тікелей тарту есебінен жүзеге асырылуда. Энергетика министрі Ерлан Ақкенженов алдағы 3 жылда негізінен реттеу қуатының тапшылығын жабуға және бірыңғай энергетикалық жүйенің икемділігін арттыруға бағытталған маневрлі генерация сегментін іске қосу жоспарланып отырғанын баяндады.

«Қазіргі жұмыс жүргізіліп жатқан нысандарды іске қосу 2027 жылдың бірінші тоқсанының соңына қарай экономиканың электр энергиясына деген қажеттілігін толығымен жабуға және Қазақстанды энергиядан тапшылық көріп отырған елдер қатарынан шығаруға мүмкіндік береді. 2029 жылға қарай электр энергиясының да, реттеу қуатының да тұрақты профицитіне қол жеткізілмек, бұл еліміздің экспорттық әлеуетін арттыруға жағдай туғызады» деді министр.

Жалпы 2035 жылға дейін қосымша 26 ГВт-тан астам қуат өндіру көздері іске қосылады.

Премьер-министр энергетика жобаларын жүзеге асыру кезінде мерзімдерін кейінге ысыру практикасын сынға алды.

«Президент энергетикада тиісті динамика жоқ екенін бірнеше мәрте айтып келеді. Сондықтан барлығыңыз барынша күш жұмылдыруларыңыз керек. Барлық жоспарланған жоба белгіленген мерзімде жүзеге асырылуы тиіс. Ешқандай үзіліс, ығысу болмауы керек. Министр, «Самұрық-Энерго» және KEGOC басшылары, сіздер әрбір нысан үшін тікелей жауаптысыздар. Сіздердің жұмыс орындарыңыз – кабинеттерде емес, құрылыс алаңдарында» деп атап өтті Олжас Бектенов.

Энергетика министрлігінің мәліметінше, 2025 жылы 124,6 млрд кВт/сағ тұтыну деңгейінде электр энергиясын өндіру 123,1 млрд кВт/сағ-қа жетті. Бір жылдың ішінде жалпы белгіленген қуат 25,3 ГВт-тан 26,7 ГВт-қа дейін өсті. Генерацияның негізгі көздері бұрынғысынша көмір стансалары болып қала береді (51,4%), алайда газ генерациясының үлесі (25,6%) мен ЖЭК (13,5%) те өсуде. Соңғы 2 жылда нарықты ырықтандыру нәтижесінде күрделі жөндеуге 902 млрд теңге тартылды, бұл технологиялық ереже бұзу санын 27%-ға төмендетуге және 9 ЖЭО-ны «қызыл» аймақтан шығаруға мүмкіндік берді. Бұл ретте компаниялардың иелеріне дивиденд төленген жоқ. Барлық қаражат тек қана стансаларын жабдықтарын реконструкциялауға және жаңартуға кері инвестициялауда. Бұл активтерді жаңарту жобаларының пулын арттыруға және генерация секторына нақты капиталдың келуін қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Сондай-ақ Мемлекет басшысының тапсырмалары шеңберінде таза көмір технологиялары негізінде көмір генерациясын дамыту перспективалары қаралды. Бүгінгі таңда мердігерлер анықталып, стратегиялық маңызды нысандарды жүзеге асыру басталды. Олардың қатарында Екібастұз 3-ГРЭС (2640 МВт), Курчатов қаласындағы жаңа станса (700 МВт), сондай-ақ Көкшетау (240 МВт), Семей (360 МВт) және Өскемен (360 МВт) қалаларындағы жылу электр орталықтары бар.



112 ЕЛДІ МЕКЕН ГАЗҒА ҚОСЫЛДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «QazaqGaz» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Әлібек Жамауовты қабылдады. Мемлекет басшысына компанияның өткен жылы атқарған қызметінің нәтижелері және газ саласында іске асырылған негізгі жобалар жөнінде баяндалды.

Әлібек Жамауов газ тұтыну көлемінің артып келе жатқанын және газ өңдеу зауыттарының әлеуетін еселеу қажет екенін ескере отырып, геологиялық барлау мен құрылыс жұмыстарын жандандыруға баса назар аударылғанын айтты. Газ инфрақұрылымын кеңейтуге, соның ішінде Астана қаласы мен агломерациясын көгілдір отынмен қамтамасыз етуге басымдық беріледі.

Президентке былтыр газ құбыры Жетісу облысындағы 84 елді мекенді көгілдір отынмен қамтамасыз етіп, өңірдегі газдандыру деңгейін 76 пайызға дейін ұлғайтуға мүмкіндік берді.

Бұдан бөлек, ауқымды инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыру, соның ішінде «Бейнеу – Бозой – Шымкент» магистральды газ құбырының екінші желісін тарту, Қашағанда жылына 1 миллиард текше метр газ өңдейтін зауыт салу барысы жайында баяндалды. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша газ саласының ресурстық базасын дамыту үшін Жамбыл облысындағы «Малдыбай» кен орнында жұмыс жүргізіліп жатыр. Амангелді тобының құрамындағы «Бархан» кен орны іске қосылды.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа цифрлық шешімдерді енгізу жайында мәлімет берілді. Aqyl Energy бастамасы аясында заманауи технологияларды, жасанды интеллект элементтері мен деректерді талдауды қолдана отырып, газ құбырын есепке алу және басқару үдерісін цифрландыру жұмыстары жүргізілді.

Кездесу соңында Президент тұрғындар мен өндіріс ошақтарын жылыту маусымында газбен тұрақты қамтамасыз ету шараларын жалғастыруды тапсырды. Сондай-ақ цифрлық технологиялар мен жасанды интеллектіні енгізуге және газ саласының ресурстық базасын нығайтуға қатысты міндеттер жүктеді.



9 ЖЫЛДА 138 МЕКТЕП САЛЫНАДЫ

Бас жоспарға сәйкес, 2035 жылға дейін елордада 138 жаңа мектеп салу жоспарға енгізілген. Бұл туралы қала басшысы Жеңіс Қасымбек мәлім етті.



«Білім беру нысандарын салу бойынша жүйелі жұмыс жүргізіліп жатыр. Соңғы жылдары елордада 109 мың оқушы орнына есептелген (екі ауысымды) 44 мектеп салынып, пайдалануға берілді. Оның ішінде 23 мектеп Мемлекет басшысының «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында бой көтерді. Алдыңғы оқу жылында рекордты көлемде мектеп салынды: 64 мың оқушы орнына арнап 25 білім беру мекемесі пайдалануға берілген. Биылғы оқу жылының басынан бастап тағы 9 мектеп ашылды. 2026 жылы тағы 13 мектеп салуды жоспарлап отырмыз. Бірқатар білім беру нысанының құрылысымен таныстым. Сол сияқты мектептерді салу барысында аумағын абаттандыру мәселесіне ерекше көңіл бөлінеді» деп жазды Ж.Қасымбек әлеуметтік желідегі парақшасында.

Бұдан бөлек, әкім 2027 жылға арналған дайындық жұмыстары қатар жүргізіліп жатқанын тілге тиек етті.

«Жалпы сыйымдылығы 40 мың оқушыны (екі ауысымды) қамтитын 16 мемлекеттік мектеп бойынша жобалау және қала құрылысы құжаттамасын әзірлеу қолға алынды. Бұдан бөлек, 10 мың оқушыға арналған 10 жекеменшік мектептің құжаттары дайындалып жатыр. Бас жоспарға сәйкес, 2035 жылға дейін қалада 138 жаңа мектеп салу көзделіп отыр» деді қала басшысы.

САЛЫҚТЫҚ САУАТТЫЛЫҚ САБАҒЫ

«Заң мен тәртіп» қағидаты аясында №71 мектеп-лицейде «Адал азамат» бірыңғай тәрбие бағдарламасы негізінде маңызды ақпараттық-танымдық кездесу ұйымдастырылды. «Менің құқықтарым – менің жауапкершілігім» тақырыбында өткен іс-шара салық және салық салу саласындағы азаматтық жауапкершілікті дамытуға бағытталды.



ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

жолдары инфографика материалдары арқылы түсіндірілді. Іс-шара барысында мектеп директорының орынбасарлары Жанар Сәрсембетова мен Бақыт Құрбанқызы қатысушыларға қосымша түсіндірме жұмысын жүргізіп, заң талаптарын сақтау мен азаматтық жауапкершіліктің маңызын атап өтті. Ата-аналар тарапынан салық төлеу тәртібі, міндеттемелерді орындау жауапкершілігі, онлайн сервистер мен жеңілдіктерге қатысты бірқатар сұрақ қойылып, сала мамандары барлық сауалға нақты әрі түсінікті жауап берді. Ашық пікір алмасу форматында өткен бұл іс-шара қатысушылардың құқықтық мәдениетін арттыруға, қоғамда заңға құрмет пен адалдық қағидаттарын нығайтуға, сондай-ақ «Адал азамат» бірыңғай тәрбие бағдарламасының құндылықтарын кеңінен дәріптеуге оң ықпал етті.

Ерасыл НҰРЛЫБЕКҰЛЫ



Аталған кездесуге салық басқармасының өкілдері, мектеп әкімшілігі және ата-аналар қауымы қатысып, қоғам үшін өзекті саналатын салықтық міндеттемелер мен азаматтық жауапкершілік мәселелерін кеңінен талқылады. Дара кәсіпкерлерді әкімшілендіру бөлімінің бас маманы Төрехан Әлихан салық саласындағы соңғы өзгерістер жөнінде жан-жақты ақпарат беріп, жеке тұлғалар мен дара кәсіпкерлердің салық міндеттемелеріне тоқталды. Сонымен қатар салық төлеу тәртібі, жеңілдіктер мен электронды мемлекеттік қызметтерді пайдалану

НАШАҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС ЖАЛҒАСАДЫ

Елордада 2026-2028 жылдарға арналған нашақорлық пен есірткі бизнесіне қарсы күрестің кешенді жоспары әзірленіп, іске асырылып келеді. Құжат есірткі құралдарының таралуына байланысты қазіргі заманғы сын-қатерлер мен нақты қауіптерді ескере отырып дайындалған. Осы бағытта атқарылған жұмыстар туралы қалалық коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихаты барысында елордалық Полиция департаменті Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының бөлім басшысы, полиция подполковнигі Әлия Қибатқызы баяндады.

2026-2028 жылдарға арналған кешенді жоспар есірткі қылмысын анықтау және жолын кесумен қатар, алдын алу шараларын күшейтуге, нашақорлықтың ерте кезеңде алдын алуға, сондай-ақ қоғамда есірткіге деген тұрақты теріс көзқарас қалыптастыруға бағытталған жүйелі әрі ведомствоаралық тәсілді көздейді.

– Қазіргі уақытта 2026-2028 жылдарға арналған нашақорлық пен есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі кешенді іс-шаралар жоспары негізінде «Астана – есірткісіз қала» атты іс-шаралар жоспары әзірленді. Жоспардың негізгі бағыттарының қатарында құқық қорғау органдарының мемлекеттік және қоғамдық институттармен өзара іс-қимылын арттыру, білім беру ортасында профилактикалық жұмыстарды кеңейту, еріктілер мен қоғамдық пікір көшбасшыларын белсенді тарту, сондай-ақ ақпараттық-түсіндіру жұмыстарының тиімділігін жетілдіру бар, – деді ведомство өкілі.

Оның айтуынша, заманауи есірткі бизнесінің түрлеріне, оның ішінде цифрлық технологиялар мен интернет-платформаларды пайдалану арқылы жасалатын қылмыстарға қарсы іс-қимылға ерекше назар аударылады. Бұл бағытта талдау жұмыстары, интернет кеңістігін мониторингілеу және жедел әрекет ету шаралары күшейтіледі.

– Кешенді жоспарды іске асыру қабылданып жатқан шаралардың нәтижесін арттыруға, әсіресе жастардың есірткінің заңсыз айналымына тартылу деңгейін төмендетуге, сондай-ақ жалпы қоғамдық қауіпсіздікті нығайтуға мүмкіндік береді. Нашақорлықпен тиімді күрес тек мемлекет пен қоғам күштерін біріктірген жағдайда ғана мүмкін екенін атап өткім келеді. Осыған байланысты біз азаматтар, қоғамдық ұйымдар және бұқаралық ақпарат құралдары тарапынан белсенді қолдауға үміт артамыз, – деді Әлия Қибатқызы.


ҚҰТҚАРУШЫЛАР ПАТРУЛЬДЕУ ЖҰМЫСЫН КҮШЕЙТТІ

«Мұз» профилактикалық акциясы аясында Астана қаласында Төтенше жағдайлар департаментінің құтқарушылары күн сайын Есіл өзенінде патрульдеу жұмыстарын жүргізуде.

«Басты назар профилактикаға аударылады: тұрғындарға үгіт-насихат және алдын алу материалдарын таратып, жедел қызметтердің телефон нөмірлерін еске саламыз. Сондай-ақ су айдындарында қауіпсіздік ережелерін сақтау әр азаматтың жеке жауапкершілігі екенін айтамыз» делінген хабарламада.

ТЖМ құтқару бөлімшелері адамдардың мұз үстіне жаппай шығатын жерлерінде профилактика мен патрульдеуді күшейтті.

«Бұл қауіпсіздіктің қарапайым талаптарын сақтамай, мұз үстіне шығудың қаншалықты қауіпті екенін тағы бір мәрте аңғартты. ТЖД құтқарушылары өзендерде, көлдерде және су қоймаларында рейдтер жүргізіп, мұздың жай-күйін тексеруде, ескерту және



тыйым салу белгілерін орнатып, қауіпсіз жүріс-тұрыс ережелерін түсіндіруде. Балалар мен мұзда балық аулайтын әуесқойларға ерекше назар аударылады. Бір адам үшін қауіпсіз мұздың қалыңдығы кемінде 10 сантиметр екенін еске саламыз» деді аталмыш ведомство.



ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

ҚАРАҒЫМ, ҚҰҚЫҢДЫ БІЛ!

№25 мектепте «Заң мен тәртіп» жобасы аясында «Менің құқығым» атты шара өтті. 10-11-сынып оқушыларына арналған профилактикалық дәрісте құқықтық бағыттағы маңызды тақырыптар талқыланды.

Мектеп директоры Алмаз Қияновтың ұйымдастыруымен өткен шараға Астана қаласы ПД Сарыарқа ауданы ПБ ҚҚБ ювеналдық полиция бөлімшесінің инспекторы Алмагүл Алмағанбетова қатысып, мектеп оқушыларына заң мен тәртіпке бағынуға бағыт сілтеді. Кездесу барысында кәмелетке толмағандардың жауапкершілігі, азаматтардың құқығы мен міндеттері, құқық бұзушылықтардың салдары және күнделікті өмірде заң талаптарын сақтау мәселелері қамтылды.

– Әрбір оқушыға заң мен тәртіп тұрғысында жиі түсіндіріліп отыру керек. Себебі өз құқын жақсы білетін мектеп оқушылары жаман болмайды. Мәселен, осы кездесуде ойын-сауық орталықтарында сағат түнгі 22:00-ден бастап жүруге болмайтыны айтылды. Біз ұсынған ақпарат нақты өмірлік мысалдар арқылы түсіндіріліп, оқушылардың қызығушылығын арттырды, – деді полиция майоры Алмагүл Алмағанбетова.

– Іс-шарада кәмелетке толмағандардың жауапкершілігі, азаматтардың құқықтары мен міндеттері, құқық бұзушылықтардың салдары, сондай-ақ күнделікті өмірде заң нормаларын сақтау мәселелері қарастырылды. Сонымен қатар мектебімізде әкелердің бала тәрбиесіндегі рөлін нығайтуға және отбасы құндылықтарын қалыптастыруға бағытталған «Әкелер кеңесі» атты тәрбиелік іс-шара жалғасын тапты. Мұндай кездесу әкелерді, педагогтарды және оқушыларды біріктіріп, жауапкершілікті күшейтеді, – деді тәрбие ісі жөніндегі директордың орынбасары Балгерім Қанапина.

Іс-шара ашық диалог форматында өтіп, оқушылар өздерін толғандырған сұрақтарын қойып, маманнан қажетті жауаптарын алды. Мұндай кездесулер жастардың құқықтық мәдениетін қалыптастыруға, саналы азаматтық ұстанымын нығайтуға ықпал етеді.

ҚАУІПСІЗДІК – ҚАТАҢ БАҚЫЛАУДА



Астана сияқты үлкен қала үшін өрт қауіпсіздігі мәселесі ерекше маңызға ие. Суық мезгілде жылыту құрылғыларын, газ баллондарын, электр жабдықтарын жиі әрі үздіксіз пайдалану өрт шығу қаупін арттырады.

Шапағат ӘБДІР

Статистика мәліметтеріне сүйенсек, 2025 жылы Астана қаласының аумағында 833 өрт тіркелген (2024 жылы – 683). Соның ішінде бақылаудағы объектілерде 228 өрт орын алған (2024 жылы – 171). Оның 50-і қоғамдық тамақтану нысандарына тиесілі (2024 жылы – 49). Бұл көрсеткіштер аталған салада өрт қауіпсіздігі талаптарын күшейтудің аса қажет екенін айқын көрсетеді. Осыған байланысты Астана қаласының барлық ауданында өрттің алдын алу мақсатында кешенді профилактикалық және түсіндіру жұмыстары ұйымдастырылып, тұрғындар мен кәсіпкерлік нысандарының иелеріне өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтау жөнінде кең көлемде ақпарат берілді. Аталған жұмыстар аясында өрт қауіпсіздігі ережелерін түсіндіру, қауіпті жағдайлардың алдын алу, сондай-ақ төтенше жағдай туындаған кезде дұрыс әрекет ету тәртібін үйретуге бағытталған жұмыстар жүргізілді. Ведомствоаралық жұмыс тобының қызметі шеңберінде Астана қаласы Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы Төтенше жағдайлар департаментімен, сондай-ақ басқа да мүдделі мемлекеттік органдардың қатысуымен қоғамдық тамақтану объектілерінде көшпелі түсіндіру-профилактикалық іс-шаралары өтуде.

– Өрт қауіпсіздігі – бұл тек бақылаушы органдардың ғана емес, әрбір кәсіпкер мен нысан иесінің ортақ жауапкершілігі. Қоғамдық тамақтану орындарында өрт қаупі жоғары болғандықтан, профилактикалық жұмыстарды тұрақты түрде жүргізіп келеміз. Түсіндіру шаралары аптасына кемінде екі рет ұйымдастырылады және бұл бағыттағы жұмыс алдағы уақытта да жалғасады, – деді Астана қаласы Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасының бас маманы Бауыржан Зайнелов.

Алдағы уақытта аудандық әкімдіктермен бірлесіп, сауда үйлерінің маңында орналасқан донер, бургер павильондары бойынша рейд жалғасады.


№5 (4903) 15/01/2026 Бейсенбі

КЕШЕНДІ ӘРІ ЖҮЙЕЛІ ЖҰМЫС

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

Райхан РАХМЕТОВА





Елордалық полиция «Заң мен тәртіп» тұжырымдамасын іске асыру мақсатында 2025 жылы қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, қылмысқа қарсы іс-қимылға, құқық бұзушылықтардың алдын алуға және азаматтардың құқықтық сауатын арттыруға бағытталған кешенді әрі жүйелі жұмыс жүргізді.

Жыл басынан бері Астана қаласында профилактикалық және жедел іс-шаралардың кең ауқымы жүзеге асып, бірқатар бағыт бойынша оң нәтижеге қол жетті. Негізгі басымдық интернет-алаяқтықтың алдын алуға, есірткінің заңсыз айналымына қарсы күреске, вандализм фактілерін болдырмауға, жол қозғалысы ережелерін бұзудың алдын алуға, сондай-ақ абаттандыру мен санитарлық тәртіп саласындағы құқық бұзушылықтарға тосқауыл қоюға бағытталды.

Криминалдық полиция желісі бойынша жыл бойы қылмыстарды ашу және алдын алу бағытында ауқымды жұмыс атқарылды. Жыл басынан бері елорда аумағында 12 мыңнан астам қылмыс тіркелді. Қабылданған шаралардың нәтижесінде өткен жылмен салыстырғанда тіркелген қылмыс деңгейі 9,4 пайызға төмендеді. Жедел-іздестіру іс-шаралары барысында іздеуде жүрген 67 адам анықталып, ұсталды, сондай-ақ елорда аумағында ұрлық жасаумен айналысқан 11 қылмыстық топтың әрекеті тоқтатылды.

Интернет-алаяқтыққа қарсы іс-қимылға ерекше көңіл бөлінді. Жыл ішінде осы санат бойынша 4 мыңнан астам қылмыстық құқық бұзушылық тіркеліп, бұл көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда 5,1 пайызға азайды. Интернет кеңістігіне тұрақты мониторинг жүргізіліп, нәтижесінде 1300-ден астам интернет-ресурс бұғатталды, сондай-ақ алаяқтық аккаунттар мен арналардың жолы кесілді.

Есірткінің заңсыз айналымына қарсы жұмыс та тұрақты негізде жүргізілді. Шамамен 500 кг есірткі заты тәркіленді, есірткі құқық бұзушылықтар 3,6 пайызға төмендеді. 2500-ден астам наркограффити жойылды. Жедел шаралармен қатар профилактикалық жобалар, оның ішінде «Астана – есірткісіз қала» акциясы белсенді түрде жүзеге асырылды. Астана қаласының әкімдігімен, мемлекеттік органдармен және үкіметтік емес ұйымдармен бірлесіп, жыл ішінде жастар арасында есірткіге қарсы тұрақты теріс көзқарас қалыптастыруға бағытталған 700-ге жуық профилактикалық іс-шара өткізілді.

Қоғамдық, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және санитарлық нормалардың сақталуына қатысты да елеулі жұмыс атқарылды. Қаланың аумағын қоқыспен заңсыз ластағаны үшін 500-ге жуық жүк көлігі жүргізушісіне және 200-ден астам ассенизатор көлігінің иелеріне әкімшілік хаттама толтырылды.

Жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесіне де ерекше назар аударылды. Жедел-профилактикалық іс-шаралар барысында мас күйінде көлік басқарған 1700-ден астам жүргізуші, сондай-ақ жол қозғалысы ережелерін бұзған 2200-ден астам жаяу жүргінші жауапқа тартылды. Сонымен қатар жол қозғалысына қатысушылардың жүргізу мәдениетін қалыптастыру және тәртіпті арттыру бағытында түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Ювеналдық полиция желісі бойынша да ауқымды профилактикалық жұмыс атқарылды. Жыл басынан бері қызметкерлер 10 мыңнан астам құқықтық тақырыптағы түсіндіру жұмыстарын, оның ішінде білім беру ұйымдарында өткізді. Кәмелет жасына толмағандардың түнгі уақытта тұрғынжайдан тыс және ойын-сауық орындарында болуына тыйым салу талаптарының сақталуын бақылау мақсатында тұрақты рейдтер ұйымдастырылды. Барлығы 600-ден астам локальды-рейдтік іс-шара, оның ішінде 70-тен астам жедел-профилактикалық іс-шара өткізілді. Кәмелетке толмағандардың түнгі уақытта заңды өкілдерінсіз жүргені үшін 7,5 мыңнан астам заңды өкіл, сондай-ақ 66 мекеме иесі жауапқа тартылды.

Қаладағы жедел жағдайды бақылау тәулік бойы Жедел басқару орталығы арқылы заманауи техникалық құралдарды пайдалана отырып жүзеге асырылды. Атап айтқанда, бейнебақылау жүйелері, смарт-жетондар, патрульдік бейнетіркегіштер және ұшқышсыз ұшу аппараттары қолданылды. Дрондар арқылы 130-ға жуық қоғамдық тәртіп бұзу дерегі анықталып, олардың барлығы бойынша әкімшілік шаралар қабылданды. Жыл ішінде «102» арнасына 1 миллионнан астам азаматтан өтініш келіп түсті.

> Қаладағы жедел жағдайды бақылау тәулік бойы Жедел басқару орталығы арқылы заманауи техникалық құралдарды пайдалана отырып жүзеге асырылды. Атап айтқанда, бейнебақылау жүйелері, смарт-жетондар, патрульдік бейнетіркегіштер және ұшқышсыз ұшу аппараттары қолданылды. Дрондар арқылы 130-ға жуық қоғамдық тәртіп бұзу дерегі анықталып, олардың барлығы бойынша әкімшілік шаралар қабылданды. Жыл ішінде «102» арнасына 1 миллионнан астам азаматтан өтініш келіп түсті

Полицияның көші-қон қызметі желісі бойынша профилактикалық рейдтер жүргізіліп, нысандар мен тұрғын секторлар тексерілді, көші-қон заңнамасын бұзудың алдын алу шаралары қабылданды. Нәтижесінде 7 мыңнан астам шетелдік азамат әкімшілік жауапқа тартылып, шетелдік жұмыс күшін заңсыз тартқаны үшін 321 жұмыс беруші жауапқа тартылды. 2 мыңнан астам шетелдік азамат ел аумағынан шығарылды. Белгіленген тәртіппен 200 мыңнан астам адам жеке басын куәландыратын құжаттармен қамтамасыз етілді.

Сонымен қатар халықпен жүйелі жұмыс жалғастырылды. Полиция қызметкерлері азаматтармен кездесулер, ашық қабылдаулар өткізіп, профилактикалық дәрістер оқыды. Бұл бағыттағы негізгі мақсат – полиция мен қоғам арасындағы сенімді қарым-қатынасты қалыптастыру. Полиция қабылдаған барлық шара елордада құқықтық тәртіпті нығайтуға, құқық бұзушылықтардың алдын алуға және халықтың полицияға деген сенім деңгейін арттыруға бағытталды.

КӘСІПКЕРЛІК – ЭКОНОМИКАНЫҢ ТІРЕГІ



Шағын және орта бизнес бүгінде Астананың жалпы өңірлік өнімінің үштен екісінен астамын қалыптастырып, жұмыспен қамтудың негізгі драйвері болып отыр.

Елордада 272 мың шағын және орта бизнес субъектісі жұмыс істейді. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 11,4%-ға көп. Бүгінгі таңда осы салада 540 мыңнан астам адам еңбек етеді, яғни қаланың еңбекке қабілетті халқының 70,3%-ын құрайды.

Жылдың бірінші жартыжылдығында шағын және орта бизнес кәсіпорындары 8,3 трлн теңгеге тауарлар мен қызметтер өндірді. Бұдан бөлек, елордадағы барлық салық түсімінің 56%-ы, яғни 762,5 млрд теңге дәл осы сегменттің үлесіне тиесілі. Іс жүзінде қала бюджетіне түсетін әрбір екінші теңге – кәсіпкерлік белсенділіктің нәтижесі.

Дамудың негізгі құралы 2023-2027 жылдарға арналған, шағын және орта бизнесті, өнеркәсіпті, сауданы және туризмді қамтитын «Астана кәсіпкерлігі» өңірлік бағдарламасы болды. Оның аясында Кәсіпкерлікті дамыту қоры «Даму»-мен бірлесіп «Астана бизнес» жеңілдетілген несиелеу бағдарламасы жүзеге асырылуда. 2024 жылы жалпы сомасы 6 млрд теңгені құрайтын 377 жоба қолдау тапса, 2025 жылы 3,4 млрд теңгеге 230 жобаға қолдау көрсетілді. Бағдарламаның жалпы лимиті 8 млрд теңгені құрайды.

Қосымша ретінде 12,6% мөлшерлememен және 7 млрд теңгеге дейінгі несиелеу лимитімен «Өрлеу» бағдарламасы енгізілді, сондай-ақ кепілдігі жеткіліксіз кәсіпкерлерге қарыз сомасының 85%-ына дейін кепілдік беретін «Даму» кепілдік қоры құрылды.

Жыл басынан бері субсидиялау, кепілдендіру, жеңілдетілген несиелеу және кепілдік қоры арқылы 800-ден астам жобаға қолдау көрсетілді.

Астана әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту бойынша көшбасшы болып қала береді. Мұнда 268 әлеуметтік кәсіпкер тіркелген. Бұл – ел бойынша ең жоғары көрсеткіш. Негізгі бағыттар – мектепке дейінгі білім беру және балаларға арналған оңалту орталықтары.

Қазақстандағы алғашқы Social Innovation Hub-тың ашылуы қосымша серпін болды, ол әлеуметтік жобаларды оқыту, тәлімгерлік ету және дамыту алаңына айналды.

Туризм де кәсіпкерліктің ең қарқынды бағыттарының бірі. Тек 2025 жылдың бірінші жартыжылдығында елордаға шамамен 750 мың турист келді, оның 180 мыңы – шетелдік қонақтар.

Оқиғалық туризм өзінің экономикалық тиімділігін дәлелдеді: Jennifer Lopez пен Backstreet Boys концерттері салаға шамамен 13,3 млрд теңге кіріс әкелді. 2024 жылы Астанада 128 халықаралық іс-шара өтсе, 2025 жылы олардың саны 200-ден асты деп жоспарлануда.

Елордада іскерлік, медицина, өнеркәсіп, білім беру және гольф туризмі даму үстінде. Туристерге арналған цифрлық қызметтер, соның ішінде әуежайдағы Taxi Point, экскурсиялық маршруттар және гидтерді дайындау жүйесі енгізілді.



ТІСКЕ КЕТТІ МЕ, БАСҚА ІСКЕ КЕТТІ МЕ?

Гүлмира АЙМАҒАНБЕТ

Елімізде қаржылық қауіпсіздік мәселесі күн тәртібінен түспей тұр. Әсіресе өткен жылы Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры төңірегінде әшкереленген алаяқтық схемалар елдегі жүйенің әлсіздігін көрсетті. Қаржылық мониторинг агенттігінің мәліметіне сүйенсек, жалған стоматологиялық қызметтер арқылы азаматтардың зейнетақы жинағынан шамамен 200 млрд теңге заңсыз шығарылған.



Атап өткен жөн, зейнетақы жүйесі қаржылық шығынға ғана ұшырамай, елдің сеніміне де сызат түсірді. Тергеу материалдары Атырау мен Ақтау қалаларында орналасқан бірқатар стоматологиялық клиникалар жалған құжаттар рәсімдеп, азаматтарға зейнетақы қорындағы «артық қаражатты» қолма-қол шешіп берумен айналысқанын мәлімдеді. Шын мәнінде, кейбір клиникалар іс жүзінде медициналық қызметпен мүлде айналыспаған екен. Ал заңсыз жолмен алынған ақшаға күдіктілер көлік, қымбат үйлер мен тағы басқа жылжымайтын мүліктер сатып алған. Бұл іске комиссияның қорытындысын беріп отырған медициналық мекеме қызметкерлерінің де қатысы бар. Яғни, қаражат тіске емес, басқа іске кеткен.

Дегенмен, БАҚ беттерінде күдікті ретінде тек үш адамның есімі аталады. Аслан Дүйсенов, Ғаббас Иманбаев және Есімхан Елешев. Аталған азаматтар 46 млрд теңгеден астам қаражатты заңсыз шығаруды ұйымдастырған. Қаржылық мониторинг агенттігінің дерегінше, бүгінде 10 адамға бұлтартпау шарасы қолданылса, тергеуде 50-ге жуық адам және 200-ден астам дроппер бар.

Агенттік төрағасының орынбасары Жеңіс Елемесов бұл іс бойынша зейнетақы қорынан қаражат алған қарапайым азаматтарға қылмыстық жаза қолданылмайтынын мәлімдеді. Яғни, тергеу тек ұйымдасқан қылмыстық топтарға қатысты жүргізіледі. Сарапшылар азаматтарды жауапкершіліктен босату туралы шешімді әлеуметтік тұрғыдан түсінікті болғанмен, бұл ұстаным құқықтық тұрғыдан пікірталас тудыратынын алға тартады. Мәселен, заңгер Гүлмарал Бердібекқызының айтуынша, азаматтарды жауапкершіліктен босату шешімі адамгершілік тұрғысынан түсінікті болуы мүмкін, бірақ заңға келгенде, бұл басты өлшем бола алмайды.

«Заң бәріне бірдей жұмыс істеуі тиіс. Егер бір адам белгілі себептермен жауапкершіліктен босатылса, дәл сондай жағдайда қалған басқа азаматтар неге жазаға тартылады деген сұрақ туындайды. Бұл заң алдындағы теңдікке қайшы. Ертең кез келген заң бұзушылықты «әлеуметтік жағдаймен» ақтап алуға жол ашылуы мүмкін. Заңды шешім нақты баптарға, нақты дәлелдерге сүйенуі керек. Ал егер шешім қоғамның қысымымен немесе эмоциямен қабылданса, ол құқықтық емес, уақытша тәжірибеге айналады. Сондықтан мұндай жағдайда мемлекет қоғамға ашық түрде, заң тілімен түсіндіруі тиіс. Яғни, неге босатылды, қандай негізбен, қандай бапқа сүйеніп. Әйтпесе, адамдардың заңға деген сенімі әлсірейді» дейді.

> Бұл қадам мәселені түбегейлі шешпейді. Өйткені мәселе – тыйым салуда емес, бақылау тетіктерінің әлсіздігінде. Бұл – жекелеген алаяқтық іс емес, қаржы жүйесіндегі құрылымдық проблемалардың көрінісі

Дегенмен, бұл істе қарапайым азаматтар зейнетақы қорындағы өз ақшасын алды. Бірі тісін емдету үшін, бірі денсаулығы үшін, бірі өмірлік қажеттілігін жабу үшін пайдаланған. Иә, кейбірі ақшаны бастапқы көрсетілген мақсаттан өзгеше жұмсаған болуы мүмкін. Бірақ бұл ұйымдасқан қылмыс емес. Себебі қарапайым халық заңды айналып өтетін схеманы ойлап тапқан жоқ, оны ұйымдастырған да емес. Олар тек ұсынылған мүмкіндікті пайдаланды. Сондықтан тергеудің тек ұйымдасқан қылмыстық топтарға бағытталуы орынды. Заң қарапайым халықты жазалау үшін емес, заңсыз схеманы құрған, пайда көрген ұйымдастырушыларды тоқтату үшін жұмыс істеуі керек.

Бұл даулы мәселеге Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та назар аударды. Президент «Түркістан» газетіне берген сұхбатында зейнетақы жинақтарын пайдалану барысында кеткен қателіктерді атап өтті.

«Мен кезінде баспана алу, балалардың оқу ақысын төлеу, емделу үшін зейнетақы жинағын пайдалануға рұқсат беру туралы шешім қабылдадым. Көбісі солай жасады, бұл шешімге ризашылықтарын да білдіріп жатты. Бірақ, әдеттегідей, стоматология қызметін көрсетеміз деген желеумен зейнетақы қорынан 200 миллиард теңгеден астам қаржы жымқырған алаяқтар да табылды. Құқық қорғау органдары қазір бұл мәселемен айналысып жатыр» деді Президент.

Бұл – саладағы бақылаудың әлсіздігі мен жауапты органдар арасындағы үйлестірудің жеткіліксіздігі. Резонансты істен кейін Үкімет зейнетақы жинақтарын пайдалану қағидаларына өзгерістер енгізіп, стоматологиялық, офтальмологиялық қызметтерге және пластикалық операцияларға БЖЗҚ қаражатын пайдалануға тыйым салды. Бұл қадам мәселені түбегейлі шешпейді. Өйткені мәселе – тыйым салуда емес, бақылау тетіктерінің әлсіздігінде. Бұл – жекелеген алаяқтық іс емес, қаржы жүйесіндегі құрылымдық проблемалардың көрінісі.

Ендігі жерде мемлекет үшін басты міндет салдармен күресу емес, зейнетақы жүйесіндегі бақылау, жауапкершілік және ашықтық тетіктерін түбегейлі күшейту болмақ.

КІТАП ҚОРЫ КӨП, МАМАН АЗ

«Кітапхана – мемлекеттің, ұлттың негізгі жады. Еліміз үшін құнды тарихи деректер мен материалдардың дені кітапханада сақталады. Сондықтан кітапхана ісін дамытуға бей-жай қарауға болмайды. Кітап оқырманға қолжетімді болуы керек. Жалпы, бұл саланы жетілдіру үшін басқа да ауқымды шараларды қолға алу қажет» деген еді Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында...



Асантемір ҚАРШЫҒАҰЛЫ

Президент тапсырмасы түйткілді мәселелердің шешу жолын ашып бергендей болды. Алайда, мәселе түбегейлі шешілді ме? Осы жайында толық білмек ниетте кітапхана есігін қағып көрдік.

Астана қаласы әкімдігінің «Орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» КММ – елорда тұрғындары үшін білім мен мәдениеттің маңызды тірегіне айналған мекеме. Бүгінде жүйе жалпыға бірдей 25 қалалық кітапхананы біріктіріп отыр. Оның құрамына М.Әуезов атындағы Орталық қалалық кітапхана, Орталық балалар және жасөспірімдер кітапханасы, көзі көрмейтін және нашар көретін азаматтарға арналған арнайы кітапхана, 14 көпшілік және 8 балалар кітапханасы кіреді.

Кітапханалардың әмбебап қоры 766 мыңнан астам данаға құрайды. Оқырмандар саны 91 мыңнан асып, жыл сайынғы келушілер легі 852 993 адамға жетеді. Бір жылда берілетін кітап саны 1 988 046 данаға жуық. Бұл көрсеткіштер елордалықтардың кітапханаға деген қызығушылығының артып келе жатқанын аңғартады.

Кітапханаға оқырман тартудың жолын қарастырып, кітап оқуға жастардың құштарлығын ояту керек деген пікірді ҚР Парламенті Сенатының депутаты Руслан Рүстемов жиі айтып келеді. Ол:

– Әлбетте Абай атамыз айтқандай, артық білім – кітапта. Ал «Google» компаниясы ұсынған статистикалық деректерге шолу жасасақ, дүние жүзінде Үндістан мен Қытай кітап оқудан оқ бойы озық тұр екен. Көрнекті ақын Иосиф Бродскийдің: «Егер бір адам кітап оқымаса, бұл – оның өз қасіреті, ал миллиондаған адамдар кітап оқымаса, тұтас бір ұлттың қасіреті» деген сөзі бар. Сол себепті, өркениеттер қақтығысында ұрпағымыздың опық жемеуін ойласақ шұғыл түрде ескеретін мәселенің бірі – бүгінгі ұрпақты кітап оқуға тәрбиелеу. Әдебиет әлемі зиялы қауымның шығармасы мен еңбегінен тұрады. Бізде зиялы қауым өкілдері көп емес. Сондықтан олардың әрқайсысын ерекше құрметтеуіміз керек, – деді.

Астана қаласы әкімдігінің «Орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» КММ директоры Гүлбадан Мадибаева:

– Кітапханалар жүйесінде барлығы 162 қызметкер жұмыс істейді. Оның ішінде 15 адам әкімшілік-басқару персоналы болса, 113-і – кітапхана мамандары, 34-і – техникалық қызметкер. Алайда соңғы жылдары кітапханалар желісінің кеңеюіне, жаңа кітапханалардың ашылуына байланысты салада кадр тапшылығы өзекті мәселе болып отыр. Әсіресе кітапханашы, балалармен және жастармен жұмыс істейтін мамандар жетіспейді. Сондай-ақ цифрлық технологияларды меңгерген қызметкерлерге деген сұраныс жоғары. Бұл жағдай қолданыстағы мамандарға жүктемені арттырып, кейбір кітапханалардың толық қуатында жұмыс істеуіне кедергі келтіруде. Кадр мәселесі шешімін тапса деген үміт бар, – деді.

Елімізде «Кітапхана ісі» мамандығы бойынша 23 колледж және 9 жоғары оқу орны бар. Бұл көрсеткіш аталған саланың білім беру жүйесінде маңызды орын алатынын көрсетеді.

Қазіргі таңда көптеген салаларда білікті мамандардың тапшылығы өзекті мәселеге айналып отыр. Әсіресе ауылдық жерлерде кадр жетіспеушілігі айқын сезіледі. Бұл мәселені шешу мақсатында мемлекет тарапынан бірқатар тиімді бағдарламалар - «Дипломмен ауылға», «Жастар практикасы», «Алғашқы жұмыс орыны» іске асырылуда. Алайда маман жетіспеушілігі өңірлерде де байқалады. Десек те кадр тапшылығын шешудің төте жолын тәжірибелі маман айтып берді.

– Маман тапшылығы – түсіне білсек, бір күнде пайда болатын мәселе емес, жылдар бойы қордаланады. Оны шешу үшін кадр іздеумен ғана шектелмеуіміз керек, маман өсетін орта қалыптастыруымыз қажет. Жас маманды тұрақтандырудың басты шарты – әлеуметтік және кәсіби қолдау. Тек «жұмыс бар» деп шақырып алу жеткіліксіз, ол өзін осы ұжымға ауадай қажет екенін, бағалы екенін сезінуі тиіс. Тағы бір маңызды мәселе – жастарға сенім арту қажет. Жастар өте креативті, қазіргі оқырманмен ой-пайымы ұқсас, сондықтан олардың пікірі маңызды, шешім қабылдағанда, оның да ойына сүйеніп отырсақ, сенімге сай қызмет атқарады деп ойлаймын. Осылайша жас маман тұрақты кадрға айналады. Қысқаша айтсам, жас маманды ұстап қалудың жолы – оған қызмет етуге жағдай жасау және болашағын осы салада көруге мүмкіндік беру, – деді БҚО Ақжайық ауданы, «Чапаев ауылындағы орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» ММ директоры Роза Мұсағалиева.

Астанада 2023-2025 жылдары аралығында кітапханаларды толық жаңғырту жұмыстары жүргізілген. Кітапханалар желісі кеңейіп, 7 жаңа кітапхана пайдалануға берілген.

– Шынын айту керек, бүгінде кітапханалар тек кітап оқитын орын ғана емес, мәдени және әлеуметтік орталыққа айналып отыр. Әртүрлі жас санаттарына арналған 35 қызығушылық үйірмесі мен клубы тұрақты жұмыс істейді. Дегенмен, бұл бағыттағы жұмыстарды одан әрі дамыту үшін кадрлық әлеуетті нығайту аса маңызды, – деді «Орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» КММ директоры Гүлбадан Мадибаева.

Біздің ұққанымыз жас мамандарды жұмысқа тарту, жас кітапханашыларды қолдау, біліктілікті арттыру және еңбек жағдайын жақсарту – алдағы кезеңнің басты міндеттерінің бірі болып отыр.

Ендігі жерде Астананың Орталықтандырылған кітапханалар жүйесі жаңғырумен қатар кадр мәселесін шешу арқылы ғана толыққанды әрі тұрақты дамуға қол жеткізе алады.

ДҮЙСЕНБІ

19 ҚАҢТАР

QAZAQSTAN

5:30 Әнұран
5:35 «Көңіл толқыны»
6:00 Дисней ұсынады: «Түлкі мен ит 2».
7:00 «TAŃSHOLPAN».
9:00 «ҚЫЗ ТАҒДЫРЫ». Телехикая.
10:00 АҚПАРАТ
10:10 «Бір сен үшін». Телехикая.
12:10 «Қызық екен...».
13:00 АҚПАРАТ
13:10 «Жат бауыр». Телехикая.
14:15 «Апта». Сараптамалық бағдарлама.
15:00 «Ақорда»
15:15 «Менің атым Қожа». Көркем фильм
17:00 АҚПАРАТ
17:20 «ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ». Әлеуметтік ток-шоу. Тікелей эфир
18:00 «БІР СЕН ҮШІН». Телехикая.
20:00 АҚПАРАТ
20:30 «МАХАББАТ ЕРТЕГІСІ». Телехикая.
22:15 «АШЫҚ АЛАҢ».
23:05 «Қыз тағдыры». Телехикая.
23:55 «Қазір айтайық».
0:40 АҚПАРАТ
1:10 «Ашық алаң».
2:00 «Қызық екен...».
2:40 «Ауылдастар».

05:00 “Айналдым сенен, атамекен-ай”
06:00 “7 күн”
06:40 Глобальные события
07:00 “Оян!”
09:00 “Дәстүр”
09:30 Комедия
10:50 Әсем әндер
11:30 “Қоғам пікірі” саяси ток-шоуы
12:30 “ОйнаIQ”
13:30 “Көзқарас”
14:00 Әсем әндер
14:30 Мультсериал “Лунтик”
15:00 Телесериал “Моя прекрасная жизнь”
17:00 Телесериал. “Триггер”
19:00 Новости
19:30 Телехикая
22:00 Телехикая “Жолдар”
23:00 Телесериал. “Триггер”

ASTANA TV

05.30 «Стрекоза» телесериал
07.20 «Сөнбеген жалын» телехикаясы
09.00 «Үкім» телехикаясы
10.00 «Қорғансыздар» телехикаясы
11.20 «Алпарслан» телехикаясы
13.40 «Зу-Зу Күлпаш 3» телехикаясы
15.10 «Искушение» телесериал
17.00 «Простить нельзя расстаться»
19.00 «Astanatimes»
20.00 «Үкім» телехикаясы
21.00 «Қорғансыздар» телехикаясы
22.00 «Сөнбеген жалын» телехикаясы
23.35 «Алпарслан» телехикаясы
01.00 «Искушение» телесериал

6:00 «П@UTINA» бағдарламасы
7:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
8:30 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
10:00 «ЖИТЬ ЗДОРОВО!»
10:50 «МОДНЫЙ ПРИГОВОР»
11:50 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ!»
12:45 «ЗНАХАРЬ»
14:15 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14:30 «QOSLIKE» бағдарламасы
18:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19:00 «KÖREMIZ-ШОУ» бағдарламасы
20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20:30 «ФЕНИКС»
1:00 «ТАКСИ ПОД ПРИКРЫТИЕМ»
3:10 «KÖREMIZ-ШОУ» бағдарламасы
3:55 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
4:20 «П@UTINA» бағдарламасы

КТК

7:00 ҚР ӘНҰРАНЫ
7:05 “ӘНІМ СЕН ЕДІҢ”
7:30 “ҚАРАЛЫ ЖЕСІР”
11:00 “РЕАЛЬНАЯ МИСТИКА”
13:40 “НАПЕРЕКОР СУДЬБЕ”, мелодрама
15:40 “РЕАЛЬНАЯ МИСТИКА”
18:30 “ОДНАЖДЫ В ЧУКУРОВА”
20:35 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
21:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ.
21:40 “ЧУЖИЕ ГРЕХИ”, мелодрама.
23:40 “ЗАКОН ТАЙГИ”
1:20 “НАПЕРЕКОР СУДЬБЕ”
3:00 “ҚАРАЛЫ ЖЕСІР”
6:00 “ӘНІМ СЕН ЕДІҢ”
6:10 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)

31

06:00 «Әзіл студио»
07:00 «Time Vine»
07:30 «31 әзіл» ойын-сауық бағдарламасы
09:00 Саумал
09:20 «TikTok show»
09:30 «Пингвины Мадагаскара»
10:30 Мультсериал «Кунг-фу Панда»
11:30 Мультсериал «Губка Боб»
12:00 «Паутина Шарлотты» (повтор)
14:00 «Люди в чёрном 3» (повтор)
16:00 «Хищники» (повтор)
18:10 «Защитник»
20:00 Информбюро (рус/каз)
21:00 «Судья Дредд»
23:00 Телесериал «Тырна» 9-10 серии
00:10 «Ғажайыпсың» телехикаясы. 8 бөлім
01:20 «31 әзіл» ойын-сауық бағдарламасы
02:40 «Time Vine»
03:00 «TikTok show»
04:20 «1001 Әзіл»
04:30 Телевикторина «BALA BATLLE»
05:00 «What’s up?» ойын-сауық бағдарламасы
05:20 «Ризамын» ойын-сауық бағдарламасы
